



ПРЕСС-РЕЛИЗ

Альянс Банкі студенттерден жоғары білім алуға арналған жеңілдікпен несиелендіру бағдарламасына қатысуға өтініштерді қабылдай бастады

Алматы, 24 наурыз 2009 жыл – Бүгін Альянс Банкі жоғары білім алу үшін жеңілдікпен несиелендіру бағдарламасына қатысқысы келетін студенттерден өтініштерді қабылдай бастады. Бағдарламаға қатысатын барлық 64 жоғары білім беру мекемелерінде¹ несие офицерінің арнайы жұмыс орны ұйымдастырылған, ол аталмыш бағдарламаға қатысу үшін өтініштер мен барлық қажетті құжаттарды қабылдайды.

Ары қарай жинақталған құжаттар Альянс Банкінің несиелік комитетінің қарауына жіберілетін болады. Бұл комитет жоғары білім алуға арналған несиелерді беру жөнінде шешім қабылдауға құзырлы.

Бұрынырақ хабарлағанымыздай, студенттерді жеңілдікпен несиелендіру бағдарламасы елбасының тапсырмасымен «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ және Қазақстан Республикасының Білім беру министрлігі мен Денсаулық сақтау министрлігі бірлесіп жасаған. «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ Директорлар кеңесінің шешімімен, Альянс Банкі бұл бағдарламаға мемлекет тарапынан бөлінетін қаржыны игеретін банк-агент болып таңдалды.

Студенттерді жеңілдікпен несиелендіру бағдарламасы халықтың әлеуметтік жағынан қорғалмаған топтарына жоғары білім беруге қол жетімділігін арттыруға бағытталған. Бағдарламаның шарттары бойынша, білім беру несиелері қазақстандық ЖОО-нда техникалық, жаратылыстану және медициналық мамандықтар бойынша күндізгі бөлімде оқитын немесе оқығысы келетін студенттерге арналады.

Бағдарлама студенттердің мына санаттағы топтарына арналады:

- § жетім студенттер және ата-ана қамқорлығынсыз қалған студенттер;
- § мүгедек студенттер немесе ата-анасы мүгедек студенттер;
- § көп балалы немесе толық емес отбасылардан шыққан студенттер;
- § ата-анасы зейнетақы жасына жеткен студенттер;
- § Қазақстан Республикасының Білім беру министрлігінің шешімімен белгіленген басқа студенттер.

Бұл бағдарламаның өзгешелігі сол, оның нарықтағы несиелендірудің ең төменгі пайыздық мөлшерлемесінде – не бәрі жылдық 9% және ешбір қосымша комиссияларынсыз. Оқуға арналған жеңілдікті несиелер 15 жылға беріледі. Несиені қамсыздандыру ретінде жылжымайтын мүлік әлде «Қаржылық орталық» АҚ, болмаса ЖОО кепілі қабылданады.

¹ Қатысатын ЖОО тізімін ҚР Білім және ғылым министрлігі қалыптастырады. Келешекте бұл тізімге басқа да оқу орындар қосылуы мүмкін.



ПРЕСС-РЕЛИЗ

Қосымша 1. Студенттерді жеңілдікпен несиелендіру бағдарламасына қатысатын ЖОО тізімі (2009 жылдың 24 наурызына сәйкес)

1. Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты
2. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті
3. М.Оспанов атындағы Батыс-Қазақстан медициналық университеті
4. Мемлекеттік авиация академиясы
5. Алматы гуманитарлы-техникалық университеті
6. Алматы энергетика және байланыс институты
7. Алматы технологиялық университеті
8. М.Тынышпаев атындағы ҚазККА
9. Л.Б.Гончаров атындағы Қазақ автокөлік-жол институты
10. Қазақ технология және бизнес университеті
11. Қазақ инженерлік-технологиялық университеті
12. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты
13. ҚазҰАУ
14. Абай атындағы ҚазҰПУ
15. Қ.Сәтпаев атындағы ҚазҰТУ
16. Т.Рысқұлов атындағы ҚазЭУ
17. Халықаралық білім беру корпорациясы
18. Кино және телевидениенің техникалық-экономикалық академиясы
19. «Тұран» университеті
20. «Қайнар» университеті
21. Халықаралық Бизнес Университеті
22. Қазақ қаржы-экономикалық академиясы
23. Орталық Азия университеті
24. Басқару институты (Астана қ.)
25. С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ
26. Қазақ-Ресей университеті
27. Медициналық университет (Астана қ.)
28. Тұран Университеті (Астана қ.)
29. Л.Гумилев атындағы Евразиялық ұлттық университеті
30. Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті
31. Х.Досмухамедов атындағы Атырау МУ
32. Сәтпаев атындағы ЕИТИ
33. Байқоңұров атындағы Жезқазған университеті
34. Қарағанды мемлекеттік медициналық академия
35. ҚарМУ
36. Бөкетов атындағы ҚарМУ
37. Уәлиханов атындағы Көкшетау МУ
38. Көкшетау экономика және менеджмент институты
39. Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті
40. Байтұрсынов атындағы Қостанай МУ
41. Рудный индустриалды институты
42. Қазақ-Қытай институты (Қызылорда қ.)
43. Қорқыт Ата атындағы ҚызМУ
44. Қызылорда инженерлік-экономикалық институты
45. Қызылорда гуманитарлы университеті
46. Евразиялық инновациялық университеті
47. С.Торағыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті
48. Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты
49. М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
50. «Қайнар» университеті (Семей қ.)
51. Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті
52. Мемлекеттік медициналық академия (Семей қ.)
53. І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
54. Тараз инновационды-гуманитарлы университеті
55. Дулати атындағы ТарМУ
56. Жамбыл гуманитарлы-техникалық университеті
57. Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлы-техникалық университет
58. Өтемісов атындағы БҚМУ
59. Серікбаев атындағы ШҚГТУ
60. С.Аманжолов атындағы ЩҚМУ
61. Академиялық инновациялық университет
62. Х.Яссауи атындағы ХҚТУ
63. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медициналық академия
64. М.Әуезов атындағы ОҚМУ